



«БЕКІТЕМІН»

«Баласаби» бөбекжай-  
балабақшасының»

Менгерушісі М.Джуматова

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**Озық педагогикалық тәжірибе мектебі**  
**«Педагогтардың кәсіби қызметіндегі электрондық білім беру**  
**ресурстары»**

**Мақсаты: Педагогтарға білім беру ресурстарын жасау және оларды өз тәжірибесінде кеңінен қолдануды үйрету**

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
№1 отырыс Жаңа 2023-2024оқу жылындағы жұмыс жоспарын бекіту. 2. Негізгі жұмыс бағытымен танысу.	қыркүйек	Тәрбиешілер	хаттама
1. Microsoft office Word бағдарламасында жұмыс жасау 2.Тәжірибелік тапсырмалар	қазан	Тәрбиешілер	хаттама
1.Microsoft Office Excel бағдарламасында жұмыс жасау 2.Тәжірибелік тапсырмалар.	қараша	Тәрбиешілер	хаттама
1. Microsoft office Power Point бағдарламасында жұмыс жасау 2.Тәжірибелік тапсырмалар	қаңтар	Тәрбиешілер	хаттама
1.ФотоШОУПРО бағдарламасында жұмыс жасау 2.Тәжірибелік тапсырмалар.	ақпан	Тәрбиешілер	хаттама
1. InShot бағдарламасында жұмыс жасау 2.Тәжірибелік тапсырмалар.	Наурыз	Тәрбиешілер	хаттама
1. CapCut бағдарламасында жұмыс жасау 2.Тәжірибелік тапсырмалар.	Мамыр	Тәрбиешілер	хаттама

Түзген

М.Есенгелдиева



**«Баласәби бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің  
компьютерлік сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілген түсіндірме  
жұмыстарының  
ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген мекен-жайы:** «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» ғимараты.

**Өткізілген мерзімі:** 18.10.2023жыл.

**Қатысушылар:** «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері, медбике.

**Күн тәртібінде:** 1. Microsoft office Word бағдарламасында жұмыс жасау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» меңгерушісі М.Джуматова:**

Windows жүйесіндегі жұмыс істеу негіздерінің басталу уақыты 1981 жылы MS(PC)-DOS операциялық жүйесі IBM дербес компьютерлермен бір мезгілде пайда болып, әрбір компьютерге орналастырылған болатын. MS-DOS операциялық жүйесі тек бір адамның жұмыс істеуіне арналған болатын және бір мезетте тек бір мақсатты ғана шешетін, оның үстіне MS-DOS операциялық жүйесі компьютердің тек 640 кб жедел жадын ғана (RAM) пайдалана алатын еді.

Адам мен компьютер арасындағы байланысты ұйымдастырушы қызметін, яғни пайдаланатын негізгі интерфэйс рөлін MS-DOS жүйесінде командалық жол атқарды. Бұл жол арқылы MS-DOS жүйесі мен адам арасындағы сұхбат ыңғайсыз жүргізіледі, ЭЕМ-ді басқаруға арналған қажет жүзден астам командалар пернелерден енгізіліп барып орындалады. Командаларды жазу тәртібі өте күрделі деуге болады, кейде бір команданы орындау үшін ондаған символдарды теруге тура келеді. Осы операциялық жүйемен негізінен тек маман программалаушылар ғана тікелей жұмыс істейді де, көптеген адамдар ондай дәрежеге көтеріле алмайды.

Жүйелік программалық қоршаулар негізінен компьютердің файлдық жүйесімен жұмыс істеуді жеңілдетті, яғни қажет информацияны жылдам әрі жеңіл тауып, оның мазмұнын қарауға және жұмыс істеуге өз септігін тигізді. □

Кез келген операциялық жүйе сияқты Windows ортасының негізгі ядросы, жедел жадты басқаратын ішкі жүйесі, файлдық жүйесі, енгізу-шығару құрылғыларымен жұмыс істейтін драйверлері, т.б. жүйелері бар. *Ол жұмыс кезінде мынадай мәселелердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:*

- компьютердің барлық аппараттық құрал-жабдықтарын басқару;
  - файлдық жүйемен жұмыс істеуді қамтамасыз ету;
  - қолданбалы программаларды іске қосу.

*Бұған қоса WINDOWS жүйесі:*

- бір уақытта бірнеше программалардың жұмыс істеуін;



- әр түрлі программалар арасында мәліметтер алмасуын;
  - масштабталатын шрифтерді сүймелдеуді;
  - мультимедия мүмкіндіктерін пайдалануды;
- бірінғай анықтамалық жүйе жұмысын қамтамасыз ете алады

#### Негізгі ұғымдары[өңдеу | қайнарын өңдеу]

Терезе — экранның төртбұрышты қоршаулы аймағы. Онда әр түрлі программалар орындалады. Кез келген мәліметтер өңделіп түзетіледі және басқару әрекеттері жүргізіледі. Терезе шекаралары- бұл терезенің периметр бойынша өтетін тік және көлденең сызықтар. Қолданбалы программа терезесі-бұл терезеде негізгі қолданбалы программалар жұмысы атқарылады. Ол экранның бөлігін немесе оны толық алып тұра алады. Экран бетінде бір мезетте бірнеше терезе орналаса береді. Мұнда кез келген қолданбалы программаның өзіне тән жұмыс істеу терезесі болады, бірақ олардың негізгі элементтері бірдей болып жасалған. Егер терезені жбатын болсақ, дәл сол уақытқа дейін екпінді күйде болып жұмыс істеп тұрған программаың жұмысы да аяқталады.

Кез келген терезенің белгілі бір шектеулі мөлшері болады, сондықтан информация көп болса, ол терезеге симай қалады. Мұндай жағдайда терезенің оң жақ шетінде (төменгі шетінде) айналу сызықтары деп аталатын элемент пайда болады. Бұл элементтің пайда болуы осы мезетте терезе ішіне симай сыртта орналасқан информацияның бар екенін көрсетеді.

#### Экран бетіндегі программалар мен құжаттар орналасатын терезелер үш түрлі болады

- толық экранды терезе, яғни терезе экранды толығымен алып тұрады;
- қалыпты күйдегі терезе, яғни терезе экранның белгілі бір бөлігін алып тұрады;
- белгіше (пиктограмма) түрінде, яғни терезе кішірейтіліп белгішеге айналып кеткен.

#### Негізгі технологиялық принциптері[өңдеу | қайнарын өңдеу]

Енді Windows ортасының DOS технологиясында кездеспейтін кейбір технологиялық принциптерін атап өткен жөн болар.

Жұмыс істейтін әрбір адамға арналған стандартты интерфейс. MS – DOS операциялық жүйесінде жазылған программалардың өзіндік интерфейсі болған еді, олар: меню жүйесі (көлденең, сырғып түсетін, қалқып шығатын, иерархиялық), сұхбаттасу тәсілдері (мәліметтер енгізу, варианттарды таңдау) және т.б.

Мұндай тәсіл жаңа программаларға көшкен сайын әрбір адамға қайтадан оқып-үйрену қажеттілігін туғызатын. Бірақ көптеген ірі фирмалардың программалық өнімдернің бәрінде де тұрақты пайдаланылатын тұрақты пайдаланылатын тұрақтыарасында алшақтық жетіп артылатын. Ал Windows жүйесінде көптеген іс-әрекеттер программалардың әр түрлілігіне қарамастан біртектес командалар арқылы орындалып, бірдей терезелер көмегімен өңделетін болып, ортақ технология іске асқанын практика жүзінде көрсете білді. Бұл принцип бойынша графикалық технологиядағы көптеген операцияларды орындау үшін тышқан



сілтемесі экран элементіне апарып, оның сол немесе оң батырмасын шерту жеткілікті.

**Бұл тәсілмен төмендегі әрекеттерді орындауға болады**

- программа немесе құжат терезесінің аумағын кішірейту, үлкейту және бұрынғы қалпына келтіру;
  - көлденең орналасқан меню командаларын таңдау;
  - экранға шығатын меню командаларын таңдау;
    - аспаптар тақтасы командаларын таңдау;
    - мәліметтері бар тізімнің бір жолын белгілеу;
      - командалық батырманы басу, таңдау;
      - ауыстырып қосқыштың мәнін өзгерту;
- мәтіндік информацияны енгізу кезінде курсордың орналасу өзгерту;
- мәтін енгізілетін өріс жолдарының бірін таңдап, оған мәлімет енгізу және көптеген басқа әрекеттер.

Программалар терезесінде құжатпен жұмыс істеу барысында бізге үнемі мәтін фрагменттерімен, үзінділермен (текстің белгілі бір бөлігімен, суретпен, кестелермен) әртүрлі операциялар орындауға тура келеді. Ол операциялар мынадай іс-әрекеттерден тұрады: - фрагментті көшіру, тасмалдау жою, олардың шрифтерін мөлшерін өзгерту, жиіктеу, кейбір жерлеріне көлеңке түсіріп қараңғылау т.б. Мұндай операциялар екіге бөлініп орындалады. Ең алдымен біз фрагментті белгілеп алуымыз керек. Оның түріне немесе программа талабына сай фрагментті әр түрлі тәсілдермен белгілейді. Мысалы, мәтін бөлігін (символды, сөзді, жолды, абзацты, т.б.) тышқанның көмегімен немесе арнайы перне және бағыттаушы тілсызық символдар арқылы белгілеп алуға болады. Графиктік түрдегі фрагменттің белгілеуде, әдетте қайшымен қиюды қолданады.

Егер белгілеу барысында қандайда бір қате жіберілсе, онда фрагментті тыс жерде (ал кейде фрагменттің өзінде де) тышқанды жай шерту жеткілікті – мұның нәтижесінде белгілеу әрекеті алынып тасталынады, яғни орындалмайды.

**Жұмыс істеуді жаңадан үйреніп жүргендер ешбір объектіні белгілеместен команда орындауға тырысады. Мұндай істің нәтижесі қандай болмақ?**

- кейде бұл команда орындаусыз қалады (мысалы буферге жоқ фрагментті алуға болмайды);
- кейде команда ескерілмей еленбей де қалады (мысалы шрифті өзгертуде);
  - кейде команда үнсіз келісім бойынша орындалыпта кетеді.

Сондықтан осындай қателерден аулақ болу үшін фрагментті алдын ала белгілеп алуды ешқашанда естен шығармау керек?

Мысалы егер де суреттің бір бөлігі қайшымен қиылып белгіленген болса, ондатышқан курсорын сол сурет бөлігіне жеткізіп, сол немесе оң жақ батырмасын баспы тұрып, жаңа орынға бекітеді. Егер оны ауыстыру барысында пернесін басып тұратын болсақ онда жаңа орынға сол сурет фрагментінің көшірмесі орналасады. Осындай жолмен үнемі көшіру мен орнын ауыстыру амалдарын қатар қолдануға тура келеді. Мыс көп элементтерұқсас болып келеді күрделі схеманың суретін салу үшін оның бір



элементін сызып алып (айталық тіктөртбұрыш) сонан соң режимінде оның санын көбейте отырып, көшірмесін алуға болады. Ақырында осы әдіспен тасмалдау режимінде экрандағы элементтердің шеттерін тегістеп түзетуге болады.

Үлкейтілмеген терезелер мен шартбелгілердің орнын ауыстыру Көп жағдайларда тышқанның сол жақ батырмасымен бірге Ctrl пернесін бассақ, онда программалық элементтерді бір топтан екінші топқа көшіруге болады; графикалық редактордың жұмыс аумағындағы суреттің белгіленген фрагменттің жаңа орынға ауыстыру немесе оның көшірмесін алу.

**Әдетте, мұндай фрагмент ролін көбіне басқа графиктік файлдан мәтіндік құжатқа қойылуға тиіс бейне суреттер атқарады;**

- Word редакторында мәтіндік информацияның белгіленген фрагментті басқа жерге ауыстыру немесе оның көшірмесін алу;
  - Суреттер мен кестелердің орнын ауыстыру және көшірмелерін алу;
  - Мәтін беттеріндегі абзацтың жаңа жолын және оның оң жақ, сол жақ шекараларын көлденең сызғыштың жоғарғы және төменгі кішкене үшбұрыштың тасмалдау арқылы тағайындау;
- Дайын шартбелгілер жиынынан әрбір адам өзі қолданатын құрал-саймандар тақтасын құрастыру.

Қазіргі жүйелерде әдісін программалаушылар да жиі пайдаланыладылар әртүрлі объектілер жиынынан өздерінің программаларын балалар кубиктерінен суретбейнелер жинаған тәрізді құрастырады. Экранда мәтіндік құжатты баспаға дайындау кезінде символдар бейнесін басылып шыққан қағаз бетіндегі символдармен бірдей болады. Бірақ мұнда көңіл аударарлық сәттер де жоқ емес. Windows жүйесі символдардың экранда бейнеленген олардың шеттерін нықтап анық етіп көрсетеді, ал қағазда таңбалар бейнесі дәл экрандағыдай болмай қалуы да мүмкін. Бұларды бірдей етіп көрсету үшін арнаулы операциялар қолданылады, олар туралы мәтін редакторларын оқу кезінде айтылады.

#### Жұмысты аяқтау[өңдеу | қайнарын өңдеу]

MS (PC) DOS жүйесінде немесе сол тәрізді басқа операциялық орталарда компьютерді сөндіру ісі оп-оңай орындалады, оның ток келетін қосқышын ажыратса болатыны. Бұл мезетте кейбір прграммалар жұмысын істеп жатса істеп жатса да, бұлай ағыту ешқандай келеңсіз жағдай тудырмайды.

Ал Windows жүйесімен жұмыс істеу барысында компьютерді өшірмес бұрын мынадай әрекеттерді жұмыс істеу барысында компьютерді өшірмес бұрын мынадай әрекеттерді орындау қажет.

- жұмыс істеп тұрған программаларды жабу (аяқтау);
- Windows шығып жұмысты аяқтау ісін орындау..

Тек осыдан кейін компьютер өшіріледі Неге бұлай? Windows жүйесі компьютер құрылғыларын толық пайдаланып оларды толық басқарып отырады. Бұл сәттерде Windows уақытша пайдаланылатын файлдарды типі ТМП болып келетін файлдар) жасап алады. Windows жұмысты дұрыс аяқтаса




ол файлдар өз-өзінен жойылады. Егер жұмыс жұрыс аяқталмаса ол файлдар  
дискіде сақталып қалып, біраз орын алып тұрады.

Сондықтан Windows жүйесінің тұрып жұмысты аяқтау үшін мынадай  
әрекеттер орындалуы тиіс. Бұл батырма бастапқыда тіктөртбұрышпен  
қоршалып белгіленіп тұрады бұл оның үнсіз келісім бойынша таңдалып  
тұрғанының белгісі Енді Enter пернесін бассақ компьютер сол батмаға  
с Windows 95 жүйесінде сәйкес программаны орындайды.

#### **ШЕШІМ:**

1. Компьютерлік сауаттылықты үнемі жандандырып отыру.
2. Компьютерлік сауаттылық бойынша ай сайын түсіндірме  
жұмыстары жүргізілсін.

**Жиналыс төрайымы**



**М.Джуматова**

**Жиналыс хатшысы**



**Г.Жаркынбекова**



**«Баласәби бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің  
компьютерлік сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілген түсіндірме  
жұмыстарының  
ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген мекен-жайы:** «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» ғимараты.

**Өткізілген мерзімі:** 08.11.2023 жыл.

**Қатысушылар:** «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері, медбике.

**Күн тәртібінде:** 1. Microsoft Office Excel бағдарламасында жұмыс жасау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» меңгерушісі М.Джуматова:**

Windows 10 - Microsoft корпорациясының отбасындағы, компьютерлерге арналған операциялық жүйесі. 2014 жылы Қытай мемлекеттік мекемелердің Windows 7-ден Windows 8-ге ауысуына қатаң тыйым жасаған болатын. Ондағы басты себеп – мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін сақтау. Ал, күні кеше сатылымға шыққан Windows 10 операциялық жүйесі қолданушылар үшін қаншалықты қауіпсіз (ақпараттың құпиялылығы тұрғысынан), қаншалықты тиімді әрі жаңа жүйені орнатар алдында не нәрсені есте ұстау керек?

ArsTechnika сараптамалық интернет-басылымы жүргізген зерттеу нәтижесінде белгілі болғандай, Windows 10 өз қолданушыларының деректерін Microsoft серверіне жіберіп тұрады екен, тіпті оның параметрлерін «құпиялылық» режиміне қойғанның өзінде. Бұл OneDrive және Microsoft-тың өзге де сервистері үшін қажет, дейді мамандар. Алайда, OneDrive өшірулі жағдайда және Microsoft есептік жазбасына қосылған жергілікті тораптың (локальная сеть) аккаунты арқылы серверге қосылғанның өзінде Windows 10 операциялық жүйесі деректерді жіберіп тұрады екен. Әйтсе де, Microsoft компаниясы ресми түсініктемеде сарапшылардың бұл пікірін жоққа шығарып отыр. Компанияның ресми түсініктемесінде: «Windows қолданушының рұқсатынсыз жеке деректерді жинамайды. Microsoft сервері Windows-тың жұмысын жақсарту мақсатында және операциялық жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін Windows-тің қолданылуы, диагностикасы мен өнімділігі жөнінде кейбір деректерді жинайды. Microsoft бұл деректерді ақаулар туындаған жағдайда оларды жөндеу үшін пайдаланады,» - делінген.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Windows 10 операциялық жүйесін орнатуға нақты шешім қабылдасаңыз, келесі мәселеге назар аударыңыз.

Windows 10 орнату үшін компьютерге қандай талаптар қойылады? Microsoft-тың ресми парақшасында егер сіздің компьютерінің Windows 8.1. талаптарына сәйкес келетін болса жеткілікті, делінген. Егер бұл ақпарат



аздық етсе, төменде жаңа жүйені орнату үшін компьютерге қойылатын талаптардың тізімі келтірілген:

Процессор: ең кемінде 1 ГГц.

Жедел есте сақтау құрылғысы (ОЗУ): 32 разрядтық жүйе үшін 1 ГБ., 64 разрядтық жүйе үшін 2 ГБ.

Қатты дисктегі бос орын: 16 ГБ.

Видеоадаптер: WDDM драйвері бар Microsoft DirectX 9 графикалық құрылғысы.

Бұдан бөлек, міндетті түрде Microsoft есептік жазбасы мен интернет қажет болады.

Менің компьютерім бұл талаптарға сәйкес келе ме?

Ия, қарапайым қолданушылар үшін, жоғарыда аталған талаптарды тексеру қиындау. Сол себепті, Microsoft компаниясы Get Windows 10 атты жаңа құрал ойлап тапты. Ол Windows 10 орнатуға болатын барлық компьютерлерде хабарлама ретінде автоматты түрде шығып тұрады. Бастысы компьютерінің интернетке қосылулы және «автоматты жаңартулар» қызметі белсенді болуы керек.

Windows 10 қолданар алдында тағы нені білген жөн?

Егер сіз дәл қазіргі уақытта Windows 7 SP1 немесе Windows 8.1. операциялық жүйесінің қолданушылары болсаңыз, Windows Update жүйесі арқылы Windows 10 жүйесін тегін жаңарта аласыз. Осы кезде төмендегілерді есте ұстаңыз:

Жаңарту Windows 10 сатылымға шыққан алғашқы 12 айдың ішінде жүзеге асырылу керек.

Windows 10 операциялық жүйесі әртүрлі бірнеше түрде шығарылады: Windows 10 Home, Mobile, Pro, Enterprise, Mobile Enterprise, Education.

Windows XP пен Vista

қолданушылары егер олардың құрылғыларының техникалық сипаттамаларының ималды талаптарға жауап беретін жағдайда ғана Windows 10 қолдана алады.

Жаңадан шыққан Windows 10 жүйесін біреулер мақтаса,

біреулер сынға алып жатыр. Ал,


сіз жаңа операциялық жүйе туралы қандай пікір десіз?

### ШЕШІМ:

3. Компьютерлік сауаттылықты үнемі жандандырып отыру.

4. Компьютерлік сауаттылық бойынша ай сайын түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы



М. Джуматова

Жиналыс хатшысы



Г. Жаркынбекова



**«Баласәби бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің  
компьютерлік сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілген түсіндірме  
жұмыстарының  
ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген мекен-жайы:** «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» ғимараты.

**Өткізілген мерзімі:** 21.01.2024 жыл.

**Қатысушылар:** «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері, медбике.

**Күн тәртібінде:** 1. Microsoft office Power Point бағдарламасында жұмыс жасау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» меңгерушісі М.Джуматова:**

Озық тәжірибелер орталығы (CoE) ұйымдағы жаңашылдықты және жетілдіруді қолдайды және бизнес мақсаттары және ойлары ұқсас адамдарды біліммен және табыспен бөлісу үшін біріктіреді, сонымен бірге ұйымға стандарттарды, дәйектілікті және басқаруды ұсынады.

Microsoft Power Platform CoE бастапқы жинағы Power Apps, Power Automate және Power Virtual Agents бағдарламаларын негізге ала отырып, Microsoft Power Platform платформасын қабылдау және қолдау стратегиясын әзірлеуді бастауға көмектесетін құрамдастар мен құралдар жиынтығы болып табылады.

#### **Әкімші**

Microsoft Power Platform платформасын бейімдеу туралы түсініктерді алу

- Орнату
- Пайдалану
- Терең қарап шығу

#### **Басқару**

Тексеруді және сәйкестік процестерін орнату

- Орнату
- Пайдалану
- Терең қарап шығу

#### **Нығайту**

Бейімдеуді жасаушылардың қауымдастығымен өркендеу арқылы жылдамдату

- Орнату
- Пайдалану

Жылдам шолуды қараңыз CoE Starter Kit.




**Байланысқан ресурстар**  
**Microsoft Power Platform әкімші нұсқаулығы**  
**Microsoft Power Platform арқылы бағдарламаның жарамдылық кезеңін**  
**басқару (ALM)**  
**Power BI құжаттамасы**  
**Power Apps құжаттамасы**  
**Power Automate құжаттамасы**  
**Power Virtual Agents құжаттамасы**

**ШЕШІМ:**

1. Компьютерлік сауаттылықты үнемі жандандырып отыру.
2. Компьютерлік сауаттылық бойынша ай сайын түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

**Жиналыс төрайымы**

**Жиналыс хатшысы**



**М.Джуматова**

**Г.Жаркынбекова**



**«Баласәби бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің  
компьютерлік сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілген түсіндірме  
жұмыстарының  
ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген мекен-жайы:** «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» ғимараты.

**Өткізілген мерзімі:** 25.02.2024 жыл.

**Қатысушылар:** «Шаттық бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері,  
тәрбиеші көмекшілері, медбике.

**Күн тәртібінде:** 1. ФотоШОУПРО бағдарламасында жұмыс жасау туралы  
түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Баласәби бөбекжай-  
балабақшасының» меңгерушісі М.Джуматова:**

ADOBE PHOTOSHOP программасы туралы жалпы түсінік, программа  
мүмкіндіктері

Растрлық графикамен жұмыс істеуде Adobe фирмасының Photoshop программасы үлкен орын алады. Бұл программа қазіргі компьютерлік графикада стандарт болып отыр. *Adobe Photoshop программасы* - графикалық объектілерді өңдеу, өзгертуге, сақтауға арналған пакеттің бірі. Adobe Photoshop программасымен жұмыс істеуге, сканерлеуге, импорттау мен экспорттауға, аймақ пен контурды ерекшелеуге, сурет салуға, түзетуге, түстер, қабаттар, каналдар мен маскалар, фильтрлер бейненің өлшемімен рұқсат етілуінің таңдауға түстік түзетулерге, бейнені түрлендіруге, түс бөлуге, бейнені баспаға шығаруға мүмкіндік береді. Adobe Photoshop программасының басты басқару элементтері: меню қатары, құрал-саймандар панелі, қасиеттер панелінен тұрады.

Түп нұсқаның бастапқы алынуы файл-оркрыть, немесе файл-ашу немесе файл-импорт командасы арқылы жүзеге асырылады.

**Импорт** дегеніміз - сыртқы күзден - сканер цифрлық фотокамерадан алынған бейнені атайды. Графикалық редактордың сыртқы құрылғылармен байланысы TWAIN программаық интерфейсі арқылы жүзеге асырылады. Ол бейне көздерінен мәліметтердің алмасу параметрлеріне стандарт орнатады. Түп нұсқа бейнемен жұмыс жасамас бұрын оның параметрлерін анықтау керек болады.

Мұндаға өлшем бірлікті пиксельден сантиметрге, миллиметрге немесе дюймге ауыстыру сияқты мүмкіндіктер бар.

**Жаңа файл құрған уақытта пайда болатын терезе.**

**Adobe Photoshop программасының терезесі:**

2.1. “ADOBE PHOTOSHOP” прораммасында құрал саймандар тақтасы  
Құрал-саймандар панелі Adobe Photoshop графликтік саймандарының батырмаларынан тұрады. Бұл саймандар бейнені белгілеу, бояу, өңдеу және қараумен байланысты операциялар мен процедураларда орындауға арналған.



Сонымен қатар алдыңғы және артқы планға түстерді орындауға болады. Кейбір саймандар таңдауға болатын кішкене үшбұрыштар орналасқан.

### 2.1.1. Белгілеу саймандары

Аумақ (область). Тіктөртбұрышты аумақты белгілейді. Квадрат аумақты белгілеу үшін Shift пернесін басып отырыңыз.



Овал аумақ (Овальная область). Оваль аумақтарды белгілейді. Шеңберді белгілеу үшін Shift пернесін басып отыру қажет.



Тік және көлденең қатар (вертикальная и горизонтальная строка). Бейне бойынша белгілі бір аумақты бір пиксель қатары бойынша белгілейді.



Рамка. Бейнеден белгіленген аумақты қиып алады.



Лассо. Кез келген формадағы аумақты белгілейді.



Полигональное лассо. Бейнеден кесінділерден құралған аумақты белгілейді.



"Волшебная палочка". Бейнеден түсіне байланысты фрагменттерді белгілейді.

Магнитное лассо. Объектінің шекараларын белгілеу үшін қолданылады.

### 2.1.2. Сурет салу және бояу саймандары

Кисть - негізгі түспен бояу үшін қолданылады. Кисть сайманының төменгі жағында орналасқан  $\Delta$  басу арқылы шағын миниатюра парақшасын ашуға болады. Кисть динамикасы компьютерлік кистьті табиғи кистьке бағыттайды. Кистьтің түсі бояудың аяқталу эффектісі болып табылады. Сонымен бірге кистьтің мынадай параметрлерін өзгертуге болады, диаметр – қаттылығы – интервал.

Кистьті бастапқы қалпына келтіру үшін восстановить в кисти командасын орындау қажет.

Ерекше кистьті таңдау үшін (қар, жапырақ т.б) ерекше кисть панелінен үшбұрыш батырмасын шертіп, заменить кисти – program files\ adobe\ photoshop\presets\ - кисть түрін таңдау керек. Түрлі бейнелер берілген панельден қажетті форманы таңдап, штамптау қажет, ал өз қажетімізше кисть формасын құру үшін қажетті бейнені ашып, правка – определить кисть – атын қойып сақтау керек. Өзгертілген бейнені қайта қалпына келтіру үшін историческая кисть батырмасын таңдап, бейне үстінен жүргізу керек, ал узорлы кисть әр түрлі стильде берілген формалар құруға көмектеседі. Оны режим немесе стиль терезелерінен таңдайды.





Қарындаш- сызық, штрих сызу үшін қолданылады. Қарындаштың қалыңдығын қажетіне өарай таңдауға болады.

### 2.1.3. Өңдеуге арналған саймандары

Текст. Биттік мәтін құруға көмектеседі.





- Текст-маска. Белгіленген аумақты текст символы формасында құруға көмектеседі
- Рука. Бейненің экранға симаған бөлігін жылжытуға көмектеседі.  
Масштаб. Бейнені үлкейтіп, кішірейтеді.
- Перемещение. Белгіленген аумақты, слои мен бағыттауыштарды жылжытуға арналған
- Вертикальный текст. Бейнеге тік бағыттағы мәтін құруға көмектеседі.  
*2.1.4. Ретуширования жасауға арналған саймандар*
- Палец. Кеппеген красканы қолмен былғау эффектісін береді.
- Штамп. Бейненің дәл немесе өзгертілген көшірмесін алуға көмектеседі.  

- Размытие. Пикселдер арасындағы контрастты азайту арқылы бейнедегі шекаралар мен аумақтарын жоюға көмектеседі.  

- Резкость. Бейненің қанықтылығын арттыру.  

- Осветлитель. Бейненің кейбір бөлігін ашықтандыру.  

- Затемнитель. Бейненің кейбір бөлігін қоюландыру.
- Губка. Бейненің жеке бөліктерінің қанықтылығын өзгерту.
- Жұмыс ортасын баптау саймандары**
- Стандартты режимде өңдеу. Photoshop негізгі режимнің функцияларын орындайды.
- Быстрая маска режимінде өңдеу. Уақытша маскаларды құру мен өңдеуде маска мен бейнені бір мезгілде қарауға көмектеседі.

### ШЕШІМ:

3. Компьютерлік сауаттылықты үнемі жандандырып отыру.
4. Компьютерлік сауаттылық бойынша ай сайын түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



М.Джуматова

Г.Жаркынбекова



**«Баласәби бөбекжай-балабақшасында» педагог қызметкерлердің  
компьютерлік сауаттылығын арттыру мақсатында өткізілген түсіндірме  
жұмыстарының**

**ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілген мекен-жайы:** «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» ғимараты.

**Өткізілген мерзімі:** 12.05.2024жыл.

**Қатысушылар:** «Баласәби бөбекжай-балабақшасының» тәрбиешілері,  
тәрбиеші көмекшілері, медбике.

**Күн тәртібінде:** 1. CarCut бағдарламасында жұмыс жасау туралы түсіндірме  
жұмыстарын жүргізу.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Баласәби бөбекжай-  
балабақшасының» меңгерушісі М.Джуматова:**

Contactcarcut.support@bytedance.com

#1 тегін үздік ұсыныстар бейне ойнатқыштар және редакторлар

**Дерек қауіпсіздігі**

arrow\_forward

Қауіпсіздік ұғымы әзірлеушілердің деректеріңізді қалай жинап, бөлісетінін  
түсінуден басталады. Дерек құпиялылығы мен қауіпсіздік шаралары  
қолданбаңыздың пайдаланылуына, аймағыңыз бен жасыңызға байланысты  
әртүрлі болуы мүмкін. Бұл ақпаратты әзірлеуші ұсынды және оны өзгертіп  
тұруы мүмкін.

Үшінші тараппен ешбір дерек бөлісілмейді.  
Әзірлеушілердің деректерді бөлісу бойынша мәлідемесі туралы толық  
ақпарат алыңыз.

Бұл қолданба осы дерек түрлерін жинауы мүмкін.  
Локация, Фотосуреттер мен бейнелер және тағы 4

Дерек шифрланып өткізіледі.

Деректің өшірілуін сұрай аласыз.  
Мәліметтерді көру

**ШЕШІМ:**

1. Компьютерлік сауаттылықты үнемі жандандырып отыру.
2. Компьютерлік сауаттылық бойынша ай сайын түсіндірме  
жұмыстары жүргізілсін.

**Жиналыс төрайымы**

**М.Джуматова**

**Жиналыс хатшысы**

**Г.Жаркынбекова**